ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 27 тамыз №3313-24-00-2/989 Талдықорған қаласы

Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамындатөрағалық етуші судья М.Б.Киргабаков,
сот отырысының хатшысы А.А.Даулетованың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша біріктірілгеназаматтық істі карады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ №1:
«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР №1:
Дәурен Даниярұлы Күдебаев, жеке кәсіпкер «Даурен»

№1 ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Жосықсыз мердігер ретінде тану
2.Тұрақсыздық айыбын өндіру

ТАЛАП ҚОЮШЫ № 2:
Дәурен Даниярұлы Күдебаев, жеке кәсіпкер «Даурен»

ЖАУАПКЕР № 2:
«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

ҮШІНШІ ТҰЛҒА:
«РМЗ-Шапағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамы

№2 ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Келісім шарты негізіндегі жойылуға жататын мүліктерді беруді міндеттеу туралы,

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының /жауапкердің/ өкілі Н.Ерғазы,
талап қоюшының /жауапкердің/ өкілі Ж.Ж.Кудебаев,
үшінші тұлға,«РМЗ-Шапағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өкілі Ф.А.Аскаров,
үшінші тұлға, «Электрондык каржы орталығы» акционерлік қоғамының өкілі Д.Ж.Талтусов,

«ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
КІРІС ҚҰЖАТ
№ 3130
«30» 12 2024 ж.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

№1Талап арыз бойынша:

2024 жылғы 20акпанда «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы» (бұдан әрі Мекеме, тапсырыс беруші) мен Дәурен Данияруулы Күдебаевтың жеке кәсіпкер «Даурен» (бұдан әрі жауапкер, өнімберуші) тауарларды мемлекеттік сатыпалу туралы № 990140003041/240172/00 шартқа қол қойған.

Шарттың талаптарына сәйкес өнім беруші шарт жасалған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде қызмет көрсетуге міндеттелген.

Шарт талаптарына сәйкес, жойылуға жататын мүліктер ретінде жалпы саны 1656 дана, оның ішінде желілік құрылғылар - 470 дана, компьютерлік жабдықтар мен периферияльық құрылғылар - 594 дана, тұрмыстық техника - 212 дана, құрылыс құралдары - 180 дана, спорттық мүкәммал - 150 дана және шаруашылық мүкәммал - 50 дана.

Шарттың жалпы сомасы 8 989 теңгені құрайды.

Шарт бойынша алынған міндеттемені өнімберуші2024 жылғы 06 наурызға дейін қызмет көрсетуге міндетті болған, міндеттемелерін орындамады (қызмет көрсетілмеді), техникалық сипаттама бойынша рұқсат қағаздарын тапсырыс берушіге ұсынбаған.

Мекеме жоғарыда аталған талап арызбен сотқа жүгініп, шарт бойынша өнімберуші өзіне алған міндеттемені тиісінше орындамағаны үшін сатыпалуға жосықсыз қатысушысы деп тануды және тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Жауапкер пікірінде талап арызбен келіспейтінінжеткізіп, және келесі жағдайды көрсетті:

«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамымен ЖК«Даурен» арасында мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы келісім шарт жасалғаның(бұдан әрі-Шарт).

Бүгінгі күнге дейін тапсырыс беруші жойылуға жататын мүліктердің шығарылған жылы, инвентарлық номерін және техникалық жағдайы туралы қорытындыны бермеген.

Жұмысты орындау үшін өнімберушінің өкілі тапсырыс берушінің мекенжайына барған,аталған іс қимыл нақты нәтиже бермеген.

Тапсырыс берушінің іс әрекеті мемлекет басшысының саясатына қайшы келетінін көрсеткен.

№2 талап арыз бойынша.

Талап қоюшы Дәурен Данияруулы Күдебаев, (жеке кәсіпкер «Даурен») тараптардың арасында жасалған келісім шартты жоққа шығармай, тапсырыс берушімен шарт негіздерін орындамағанын көрсетті, яғни жойылуға жататын мүліктердіжәне шығарылған жылы, инвентарлық номерін, сонымен қатар техникалық жағдайы туралы қорытындыны бермегенін көрсетті, сол себептен жауапкерге келісім шарты орындау үшін жойылуға жататын мүліктерді беруді міндеттеуді сұрайды.

Жауапкер «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы жазбаша қарсылығында өнімберушімен келісім шарттың техникалық сипаттамасының алтыншы тармақшасына сәйкес көзделген

Құжатқа қол қойылған: Киргабаков М.Б., 04.09.2024

қызметтерді көрсету үшін өнім берушіде, яғни ЖК «Даурен»-де, II санаттағы объектілер үшін қоршаған ортаға эмиссияға рұқсаттың болуы талап етілген. Жеке кәсіпкер «Даурен» өзінде Рұқсат болмағандықтан, «РМЗ-Шапагат» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің құжаттарын табыстаған.

Сонымен қатар e-license сайтында «РМЗ-Шапагат» ЖШС-де II санаттағы объектілерге арналған рұқсаты жарамсыз болып тұрғаны (недействительный) күші 31 желтоқсан 2020жылы жойылғанын көрсетті.

Келісім шарттың 7.7. тармақшасына сәйкес: «Өнім берушінің осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін Тапсырыс берушінің алдын-ала жазбаша келісімінсіз біреуге не толық, не ішінара беруіне рұқсат етілмейді» деп көрсетілген, ал «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы ЖК «Даурен»-ге ондай келісім бермеген, ЖК «Даурен»-де оңдай хатпен жүгінбеген.

Үшінші тұлға «РМЗ-Шапағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жойылатын заттарға екінші санаттағы лицензия қажет емес екенін көрсетті.

Үшінші тұлға «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамы жазбаша пікірде конкурс өткізу кезеңінде мемлекеттік сатып алу веб порталында техникалық ақау болмағанын корсетті.

Сот отырысында талап қоюшылардын өкілдері талап арыздарынқолдап қанағаттандыруды, сонымен қатар қарсы талаптарды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Үшінші тұлға«РМЗ-Шапағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өкілі сот отырысында талап қоюшы Дәурен Даниярұлы Күдебаевтың,ЖК «Даурен» талап арыздың растай отырып, оны қанағаттандыруды сұрады.

Үшінші тұлға «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының өкілі туындаған дауды соттың қарауына қалдырды.

Сот іс материалдарын зерттеп талап қоюшылардыңпікірлерін тыңдап келесі қортындыға келеді.

<u>ҮӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1-ші талап арыз бойынша.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі АК) 272-ші бабына сай, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттармен талаптар болмаған жағдайда-скерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзгеде талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Сот отырысында анықталғандай жауапкер шарт бойынша өзіне алған міндеттемені тиісінше орындамаған, техникалық сипаттама негізінде лицензия тапсырыс берушіге ұсынбаған, бұл іс құжаттарымен дәлелденеді.

Сонымен қатар, «Мемлекеттік сатыпалу туралы» Заңының (бұдан әрі Заң) 12-ші бабының 4-ші бөлігінің 3-ші тармағына сай, жеңімпаздар деп айқындалған, мемлекеттік сатыпалу туралы шартты орындаудан жалтарған әлеуетті өнімберушілер мемлекеттік сатыпалуға жосықсыз қатысушылардың тізіміне енгізіледі.

Тапсырыс беруші әлеуетті өнімберушінің немесе өнімберушінің Заңды бұзу фактісі туралы өзіне белгілі болған күннен бастап отыз күн тізбелік күнінен

кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнімберушіні немесе өнімберушіні мемлекеттік сатыпалуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы заңда көрсетілген мерзімде сотқа талап арызбен жүгініп отыр.

Сот отырысында анық болғандай, жауапкер шартты тиісті түрде орындамағаны анықталды.

Сонымен қатар келісім шарттың негізінде жеке кәсіпкер «Даурен» өзіне негізгі құралдарды кәдеге жарату қызметін көрсету міндетін алды.

Мемлекеттік сатып алу туралы Заңына сәйкес «Әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі оның мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады», яғни жеке кәсіпкер «Даурен» келісім шартты және техникалық сипаттамада талап етілген шарттарды орындауға міндеттенді.

Келісім шарттың техникалық сипаттамасының алтыншы тармақшасына сәйкес көзделген қызметтерді көрсету үшін өнім берушіде, яғни ЖК «Даурен» -де, II санаттағы объектілер үшін қоршаған ортаға эмиссияға рұқсаттың болуы талап етілген. Жеке кәсіпкер «Даурен» өзінде Рұқсат болмағандықтан, «РМЗ-Шапагат» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің құжаттарын табыстаған.

Сонымен қатар e-license сайтында «РМЗ-Шапагат» ЖШС-де II санаттағы объектілерге арналған рұқсаты жарамсыз,күші 2020 жылғы 31 желтоқсанда жойылған(недействительный) e-license сайтынын скриншот іс материалдарына тіркелген.

Бұдан басқа, келісім шарттың 7.7. тармақшасына сәйкес: «Өнім берушінің осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін Тапсырыс берушінің алдын-ала жазбаша келісімінсіз біреуге не толық, не ішінара беруіне рұқсат етілмейді» деп көрсетілген, ал «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Жеке кәсіпкер «Даурен»-ге ондай келісім бермеген, ЖК «Даурен»-де ондай хатпен жүгінбеген.

Қазіргі таңда тараптардын арасында жасалған келісім шарт заңды күшінде, тараптармен дауланбаған және күші жойылмаған сондықтан талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Тұрақсыздық айыбын өндіру жайында:

Заңының 43-бабының 24-тармағына сәйкес, өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда, тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) өндіріп алуды қамтамасыз етеді.

АК-нің 298-бабына сәйкес міндеттемені бұзғаны үшін борышқор жауапқа тартылатын жағдай болған кезде міндеттеменің орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін айып өндіріп алынады (осы Кодекстің 359-бабы).

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» нормативтік қаулысының 8 бөлігіне сай, сонымен қатар мемлекеттік сатып алу туралы шарт тараптарының жұмыстарды орындау мерзімін өзгерту бөлігінде жасаған қосымша келісімдері де соттардың бағалауына жатады. Заңның 45-бабында мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына не жасалған шартқа өзгерістер енгізудің негіздері белгіленген. Осыған байланысты, егер тараптар шартқа, жобалау-сметалық құжаттамаға Заңның 45-бабы

Құжатқа қол қойылған: Киргабаков М. Б., 04.09.2024
Құжатқа қол қойылған: Киргабаков М. Б., 04.09.2024

2-тармағының 7), 8), 9) тармақшаларына сәйкес өзгерістер енгізбесе, онда мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартта көзделген жұмыстарды орындау мерзімін өзгерту бөлігінде қосымша келісімдерге сілтеме жасау негізсіз болып табылатынын соттар назарда ұстауға тиіс.

Сонымен қатар мемлекеттік сатып алу келісім-шартының 7-бабының 7.3 - тармағына сәйкес, өнім беруші шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда, мерзімі өткен күн үшін шарттың жалпы құнынан 0,1 % тұрақсыздық айыбын өндіріп алады.

Сот мәжілісінде жауапкердің өз міндеттемелерін шартта белгіленген мерзімде орындамағаны анықталды.

Талап қоюшымен ұсынылған тұрақсыздық айыбын есептеу сомасы 179 теңге келісім шарт талаптарына (20 күн) сәйкес келеді.

Жоғарыда аталған негіздерге сай, сот талап қоюшының талабы қанағаттандыруға жатады деп есептейді.

АПК-нің 109 бабының 1 бөлігіне және 117 быбы 1 тармағына сәйкес талап қоюшының және мемлекеттін пайдасына мемлекеттік баж, сондай-ақ іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындарды сот өндіреді.

Аталған заң нормасының шеңберінде жауапкерден мемлекет пайдасына мемлекеттік баж сомасы 1846 теңге, және талап қоюшының пайдасына 6 теңге өндіруге жатады.

№2-ші талап арыз бойынша.

Жоғарыда анық болғандай тараптар арасында мемлекеттік сатып алу туралы келісім шарт шасалған, қазіргі таңда келісім шарт тараптармен дауланбаған және жарамсыз деп танылмаған, АК-нің 272-ші бабына сайкес міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, АК-нің 273 бабына сәйкес біржақты бас тартуға жол берілмейді.

Келісім шарттың техникалық сипаттамасының алтыншы тармақшасына сәйкес көзделген қызметтерді көрсету үшін өнім берушіде, яғни ЖК «Даурен»-де, II санаттағы объектілер үшін қоршаған ортаға эмиссияға рұқсаттың болуы талап етілген, алайда өнім берушіде ондай лицензия жоқ.

Сонымен қатар келісім шарттың 7.7. тармақшасына сәйкес өнім берушінің шарт бойынша өз міндеттемелерін тапсырыс берушінің алдын-ала жазбаша келісімінсіз біреуге не толық, не ішінара беруіне рұқсат етілмейді деп көрсетілген, ал сот отырысында анық болғандай тапсырыс беруші өнім берушіге ондай келісім бермеген,өнім берушіде ондай хатпен жүгінбеген.

Аталған жағдайды сот ескере отырып талап арыз қанағаттандыруға жатпайды деген тұжырымға келеді.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып,

ШЕШТІ:

«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» коммерциялық емес кционерлік қоғамының талап арызы қанағаттандырылсын.

Дәурен Данияруұлы Күдебаев жеке кәсіпкер «Даурен» жосықсыз мердігер ретінде танылсын.

Дәурен Данияруұлы Күдебаевтан жеке кәсіпкер «Даурен» «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының пайдасына тұрақсыздық айыбы 179 (жүз жетпіс тоғыз) теңге және мемлекеттік баж шығыны 6 (алты) теңге өндірілсін.

Талап қоюшы Дәурен Данияруұлы Күдебаевтың жеке кәсіпкер «Даурен» «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамымен Дәурен Данияруұлы Күдебаевқа жеке кәсіпкер «Даурен» мемлекеттік сатып порталы арқылы 2024 жылғы 20 ақпандағы №990140003041/240172/00 келісім шарты орындау үшін жойылуға жататын мүліктерді беруді міндеттеу туралы талап арызы қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Шешімге АПК-нің 403, 404 баптарының талаптарын сақтай отырып Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Жетісу облыстық сот коллегиясына шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар оларға шешімнің көшірмесі жіберілген күннен бастап бір ай ішінде апелляциялық шағым келтіруге құқылы.

Судья Киргабаков М.Б.

Көшірмесі дұрыс

Судья Киргабаков М.Б.

Анықтама

Шешім түпкілікті нысанда 2024 жылы« 04 » « 09 » дайындалды

Судья Киргабаков М.Б.

Анықтама

Шешім күшіне енді « 04 » « 12 » 2024 жылы енді

Судья Киргабаков М.Б.

Шешім тігілді және нөмірленді
_____ бетте
Судья Киргабаков М.Б.